




ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Тіл және саясат





Тілдің дамуының басты факторы – саясат. Кез келген елде тілдің дамуына үлкен үлес қосатын, ол сол елдің ақындары, жазушылары, ғаламгерлері. Ал сол зиялы қауымның тілді дамытуға қосқан үлесіне негіз болатын тағы да саясат.

Тілдер тарихында 1400 жылы Дантенің XV–XVI ғасырларда бастаған Еуропа қайта өрлеу дәуірі сөз болады. Сол кездегі көптеген күрестер латын тілінде жазылған классикалық әдебиетке қарсы күрестер болды.

Данте Алигьери (1265–1321) – итальян ойшылы, ақын, әдеби итальян тілін қалыптастырушы. Әлемге әйгілі «Құдыретті комедия» шығармасының авторы.

Данте өзінің шарықтау кезеңінде XVI ғасырда, Францияда көптеген ақындардың арасында айтыс тудырды. Олардың бір тобы классикалық әдебиетті, латын тілін қолданса, екінші тобы жаңа дәуірдің басталғанын, латын тілі мен әдебиеті ескі деп, жаңа дәуір сұранысына жауап бермейді деген пікірде болған.

Шарль Перро (1628–1703) – француз ақыны және классицизм дәуірінің сыншысы. Шарль Перро «Францияның Людовик XIV патшасының кезі, антиканың кез келген кезеңінен ілгері» – деп айтқан.

Людовик XIV (1638–1715) – Еуропа тарихындағы ең ұзақ билік құрған монархтардың бірі. Оның бастаған саясаты жаңа өрлеуді, ұлттық әдебиетті, ұлттық көзқарасты қолдап отырғанын көрсетті. Француз тілінің шарықтау шегіне жетуіне де ол қолдау көрсетті.

Шарль Перро бастаған күрес жаңа бір дәуірге жол ашты, ол француз тілінің үстемдігі. Француз тілінің үстемдігі, әсіресе, екі салада сауда-саттықта және дипломатиялық қатынаста өріс алды. Соның арқасында мәдени, рухани тіл ретінде өзге елдерге де өзінің ықпалын жасай бастады.

Шығыс елдерінің ішінде парсы әдебиеті үш мыңжылдықты басынан өткерді. Ежелгі дәуірден жаңа дәуірге өту кезеңі «Пәхлави» дәуірі. Бұл дәуір ежелгі дәуір негізінде қаланса да, тілі мен әдебиетінен бөлек, бір-біріне бөтен болды, бір-бірін түсіне алмады. Соңғы мыңжылдық – парсыдари дәуірі. Бұл дәуір Фердоуси, Рудакидан бастау алады. Дәуірлердің күресінде парсы дари үлкен жеңіске жетіп, әлем жұлдыздарының пайда болуына негіз қалайды. Иранның атақты жұлдыздарын алып келген классикалық әдебиеті XX ғасырда жаңа өзгеріске ұшырайды. Иранның жаңа дәуір поэзиясы Нима Юшидан басталады.

Нима Юши (1897–1960) – ирандық ақын, әдебиет сыншысы, өнертанушы. Ирандағы жаңа поэзияның негізін қалаушы.

Иранда да екі жаққа бөлінгендер тартысқа түскен, бірі классикалық әдебиетті қолдаса, бірі жаңа дәуір әдебиетін қолдады. Күні бүгінге дейін әлемде бұл күрес жалғасын тауып келе жатыр.

Француз тілі кейін латын тілін ығыстырғаннан соң Людовик XIV-тің арқасында үлкен биікке жетті. XVII–XVIII ғасырларда француздықтар өздерінің мәдениетін биік көрсетуді үйренді. Қазір Еуропаның өзінде де жоғары деңгейде тұр. Француздар «Өзімізді дұрыс ұстай алуымыз керек», «Өзімізді үстем тап деп есептеуіміз керек» деген тақырыптар төңірегіндегі ұстанымды, саясатты алға жетелеп, сол кезеңде дәрістер өткізген. Сол сияқты француздар өздерін дипломатиялық қарым-қатынаста да жақсы жағынан көрсеткен. XVII ғасырда француз тілі дипломатиялық тіл ретінде де танылған екен. Француздар өздерінің осындай мәдениеттілігі мен сыпайылықтарының арқасында экономика саласында да жетістіктерге жетіп, француз тілінің сауда-саттық тіліне айналуына жағдай жасады. Осындай жолмен сол кезде олардың ағылшын тілін де ығыстырған жайы болған.

Парсы тілінің X ғасырда өрістеуіне септігін тигізген саяси билік пен саманиттер болды. Саманиттер өзінің төңірегінде парсы тілді ақындарына қолдау көрсетпегенде, парсы тілі сол биік деңгейге жетпес еді. Саманиттер билігі арқасында «Шахнаме» өмірге келді.

«Шахнаме» – Фирдоуси жазған эпикалық поэма, парсы әдебиетінің айтулы мұрасы, иран халықтарының ұлттық эпосы. «Шахнаме» шығармасын қазақ тіліне алғаш аударған – Тұрмағамбет Ізтілеуұлы. Ал оның аудармасын алғаш кирилл қарпінде дайындаған – Ислам Жеменей.

Түркілердің қараханит дәуірінде де дәл солай болған. Қараханиттардың әдебиетті, мәдениетті қолдауының арқасында дүниеге Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауилер сияқты ұлы тұлғалар келген.



Жүсіп Баласағұни – түркі ақыны, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері. Әлем әдебиетінде «Құтты білік» дастаны арқылы қалды.

Осындай ұлы тұлғалардың арқасында түркі тілі қайта тіріліп, жанданып, өрістеді. XV ғасырларда Алишер Науаи түркілердің ұлы ақыны өз заманында мәдениет министрі болған. Биікте отырып, сол кездегі мәдениетті қолдамағанда, қазіргі деңгейіне жетпес еді. Осындай қолдаудың арқасында түрік тілінде көптеген шығармалар жазылды. 200 мыңнан аса қолжазбалар бүгінгі күнге мұра болып жеткен.

Тіл жарысы, ол – саяси билік. Саяси жарыс, ұлттық жарыс тіл жарысына алып келеді. Дантені алсақ, ол сондай жарыстың негізін қалаған. Мәселен, итальяндықтар алғашында өздерін бәсекелесі санаған латын тілінен өздерін жоғары санаған, соның төңірегіндегі жарыстар Еуропадағы жарыстарға түрткі болды. Италияның үстем болып бара жатқанын өрескел елдер, француздар, испандар, ағылшындар, португалдар, осы елдердің ішінде үлкен жарысқа түскен. Бір жағынан бұл жарыстар тілдік жарыстар болса, олар экономикалық жарыстарға ұласады. Себебі экономика бұлардың үстемдігіне кепілдік береді. Кейін француздар, ағылшындар да бұл жарысқа қатысты.

XIX ғасырға дейін француз, испандықтар бәсекелес болып, талай елді жаулауға әрекет жасады. Елизаветта I кезіндегі ағылшындардың үнді-ағылшын компаниялар ашуының негізі қаланып, әлемдегі экономиканың монополиясын жасауға себеп болды. Үлкен экономикалық жетістіктерге жетуі отарлау саясатымен қоса, XIX ғасырда ағылшындар әлемнің $\frac{1}{4}$ өзінің құрамына алып, жаулады. Экономикасының дамуы тілдің дамуына жетеледі. Қазіргі кезде ағылшын тілі экономикалық байланыста көптеген елдерде қолданыста, сондықтан тілді үйрену қажеттілігі күн санап артып отыр. Ғылым мен экономика саласында ағылшын тілі бірінші орында тұр. Кез келген отбасы да өз балаларын ағылшын тілін үйренуіне жағдай жасап жатыр. Әр жас ұрпақтың та экономикалық, ғылыми потенциалын көтеруі үшін ағылшын тілін білуі керек деген түсінігі бар.

XVII ғасырда француз тілі ағылшын тілінен жоғары болған. Бұл жарыста кейін ол артта қалып қойды. Испандықтар Елизаветта I кезінде теңіздегі шайқаста жеңіліп, өзінің теңіздегі үстемдігінен айырылды. Содан әлемдегі теңіздерде де ағылшындар өз үстемдігін жүргізіп жатыр. Ағылшындардың даму механизмі бойынша өзге елдердің адамдарына өз елінде ағылшын тілін үйренуіне мүмкіндік туғызды. Сөйтіп, ағылшын тіліне қызмет жасау арқылы ағылшын саясатына, экономикасына қызмет жасай бастады. Дүниежүзіндегі барлық тарихи құжаттар, көптеген табысқа жеткізетін салалар бойынша барлық құнды кітаптар ағылшын тіліне аударылған.

Тілдер жарысында барлық себептердің негізінде ағылшын тілі өзін дамыту үшін көп еңбек жасап жатыр. Бұл жарыста басқа тілдер өзінің саяси ұлттық ұстанымы арқылы ағылшын тіліне бәсеке болып, одан қалыспай келе жатыр. Оны француздардың қоғамдық психологиясы мен саяси психологиясынан аңғаруға болады. Француздар ағылшын тілін қабылдағысы келмейді, бірақ, ағылшын тілі өзінің жасап қойған механизмі арқылы оларға үстемдігін жасап келеді. Қазірдің өзінде Еуропада ағылшын, неміс, француз, испан тілдерінің арасында бұл жарыс жалғасып келе жатыр. Бұл жарыс әлемді жаулау, әлемді өз тіліне бағындыру, экономикасын бағындыруды көрсетіп отыр. Келешекте бұл жағдай қалай болатыны белгісіз, егер тілдің дамуында бүкіл фактілерді есепке алып, белсене өз тілі үшін күреспесе, басқа тілдер осы тілдердің ішінде жүріп біртіндеп жойылып кетуі мүмкін. Бүгінгі күні үстемдік жасап отырған ағылшын тілінің өзінен басқаларын айтпағанда, француздар, немістер, испандар да қауіптеніп отыр. Бұл жарыс ұлттардың санасының биіктеп, әлемді жаулаудағы үстем сананың көрсеткіші ретінде тіл көрсеткіші болып отыр.